

**А.Ә. Булатбаева<sup>\*</sup>, А.А. Қожаева<sup>\*</sup>**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
<sup>\*</sup>e-mail: kozhaeva.aisymbat@mail.ru

## **СИНГАПУР ЖӘНЕ ФИНЛЯНДИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ОҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЗАҚСТАНҒА ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ**

Мақалада Сингапур және Финляндия елдеріндегі педагог кадрларды аттестаттау жүйесінің оң тәжірибесін елімізге трансформациялау жөнінде сөз қозғалады. Сонымен қатар, Қазақстанда педагог кадрларды педагогикалық аттестаттаудан өткізудің қазіргі жағдайы туралы сөз айтылды. Педагогтерді аттестаттау үдерісі жалпы педагогтермен, педагогтерге теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттырумен қатар жалпыұлттық сауаттылық пен білім деңгейін көтеруге септігін тигізеді. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген қағидалар мен заңнамаларға сәйкес педагогтерді аттестаттау мерзімі бекітілген. Осы уақыт пен ережелерге сәйкес аттестаттаудың нәтижелері бойынша педагогтер түрлі санаттарға бөлініп, дәрежелер беріледі. Мақалада педагог кадрларды аттестаттау үдерісінің ерекшеліктері, оны мұғалімдердің қабылдауы мен педагогикалық ұжымдағы мұғалімнің мәртебесіне әсері қарастырылады. Сондай-ақ, педагогтердің кәсіби қызметінде аттестаттау тудыратын қиындықтар, осы мәселелерді шешу жолдары көрсетілген. Ал осындай маңызды іс-әрекеттерде әлемнің озық тәжірибелерін пайдаланамыз. Сонымен қатар практикалық бөлімде 68 педагог қатысқан, еліміздегі аттестаттау жайлы сауалнама нәтижелерін ұсынамыз. Сауалнама жүргізу мақсатымыз қазіргі кезде аттестаттау үдерісінде қандай қиындықтар бар екенін анықтау. Сауалнама online «Google Workspace» платформасында өткізілді, нәтижелері негізінде қорытынды жасап, елімізге Сингапур, Финляндия секілді озық білімді елдерден қандай тәжірибелер алуға болатындығына көз жеткіземіз.

**Түйін сөздер:** Сингапур, Финляндия, педагог кадрлар, аттестаттау, трансформация, сауалнама.

A.A. Bulatbayeva, A.A. Kozhayeva\*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
<sup>\*</sup>e-mail: kozhaeva.aisymbat@mail.ru

### **Transformation to Kazakhstan of the positive experience of the system of certification of teachers in Singapore and Finland**

The article focuses on the transformation to our country of the positive experience of the system of certification of teaching staff in Singapore and Finland. The current state of pedagogical certification of pedagogical personnel in Kazakhstan was also considered. Thanks to the certification of teachers, along with the training of general practice teachers and persons equated to teachers, this contributes to improving the level of education taking into account national literacy. The rules approved by the order of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan set the terms of certification of teachers in accordance with the legislation. According to the results of the certification in accordance with these times and rules, teachers are divided into different categories and degrees. The article discusses the features of the teacher certification procedure, its perception by teachers, the impact on the status of teachers in the teaching staff. The difficulties that certification causes in the professional activity of a teacher, the ways in which these problems can be solved are also indicated. And in such an important activity, we use the best world experience. We present the results of a survey in which 68 teachers took part. The purpose of the survey is to determine what difficulties exist in the certification process at the present time. The survey was conducted online on the Google Workspace platform. Based on the results, we drew conclusions and showed what experience can be gained in our country from such highly educated countries as Singapore and Finland.

**Key words:** Singapore, Finland, teaching staff, certification, transformation, questionnaire.

А.А. Булатбаева, А.А. Кожаева\*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: kozhaeva.aisymbat@mail.ru

### Трансформация положительного опыта системы сертификации учителей Сингапура и Финляндии в Казахстан

В статье рассмотрены вопросы изучения положительного опыта системы аттестации педагогических кадров в Сингапуре и Финляндии и возможности его использования в Казахстане. Проанализировано современное состояние педагогической аттестации кадров в Казахстане. Благодаря сертификации учителей, наряду с подготовкой учителей общей практики и лиц, приравненных к учителям, это способствует повышению уровня образования с учетом национальной грамотности. Правилами, утвержденными приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан, установлены сроки аттестации учителей в соответствии с законодательством. По результатам аттестации в соответствии с этими временами и правилами учителя делятся на разные категории и степени. В статье рассматриваются особенности процедуры аттестации педагогов, ее восприятие учителями, влияние на статус учителя в педагогическом коллективе. Также обозначены сложности, которые вызывает аттестация в профессиональной деятельности учителя, способы, которыми можно разрешить эти проблемы. Авторы представляют результаты опроса, в котором приняли участие 68 педагогов. Цель проведения анкетирования – определить, какие трудности существуют в процессе аттестации в настоящее время. Опрос проводился online на платформе «Google Workspace». На основании результатов сделаны выводы и показано, какой опыт можно перенять в нашей стране на примере Сингапура и Финляндии.

**Ключевые слова:** Сингапур, Финляндия, преподаватели, аттестация, трансформация, анкета.

#### Кіріспе

Қазақстанның қоғамдық өмірі әлеуметтік және экономикалық салаларындағы белсенді жаңа процестердің төңірегінде болып жатқан білім беру мәселелері инновациялық және жаңа мектептерде жұмыс істей алатын, әр түрлі деңгейлердегі педагогтерді, яғни, сапалы кадрларды даярлау мәселесін алға қояды.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясындағы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деген халыққа Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болуымыз үшін біздер сапалы білімге ие, сауаты жоғары елге айналуымыз керек», – деп көрсетті («Қазақстан – 2050» Стратегиясы, 2012) [1]. Сонымен бірге білім беру жүйесінде әлемдік бәсекелестікке бейімделген кадрларды даярлау мәселесін алға қою Елбасының «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» деген бағдарламалық мақаласында көрініс тапқан (Бағдарлама, 2017) [2]. Сол себепті, қазіргі таңда бізді толғандыратын басты мәселелердің бірі осы білім сапасы екені мәлім. Ал білім сапасы – мұғалімнің біліктілігіне және қабілетіне тікелей байланысты. Білімі мол, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарға зор жауапкершілік жүктеледі. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең негізгі міндеті», – деген еді. Елбасының бұл сөзі

сапалы білім берумен бірге білікті мұғалім даярлау ісінің нақты бағдарламасы сияқты.

Педагогика саласындағы қызметкерлерді аттестаттау – қызметкерлердің педагогикалық құзыреттілігі мен біліктілік деңгейін анықтау үшін жиынтық бағалау. Ол педагогтердің біліктілік санаттарына сәйкестігін тексеру үшін немесе педагогтің құзыреттілігін және атқаратын лауазымына сәйкестігін тексеру үшін жүргізіледі (Сборник нормативно-правовых ..., 2021) [3].

Заманауи педагогикалық білім теориясы педагог кадрларды жаңаша даярлауды анықтайды, яғни, тек жаңа білімдерді, мақсаттар, жаңа құндылықтар және тұлғалық мағынаны игеріп ғана қоймай, сонымен қатар болашақ педагогтердің мәндік күшін, интеллектуалды, адамгершілік әлеуетін, әр түрлі жағдайларда еркін бағдарлану мүмкіндіктерін ашуды, кез келген педагогикалық технологияларға қызмет етуімен бірге тәрбиелік үдерістерді де жүзеге асыру болып табылады.

Жоғарыда аталған міндеттер негізінде, Педагог мамандарының кәсіби іс-әрекеті өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі педагогтерде жаңа ғылыми-педагогикалық тың идеяларды үлкен қызығушылық танытып, шығармашылық тұрғыдан қабылдай алатын, оқытудың теориясымен қатар әдістемесін меңгерген кәсіби құзіреттіліктің жоғарғы деңгейін игерген маман

ретінде даярлау мәселелерін шешу көзделуде. Аталған мақсат-міндеттер тақырыбымызға негіз болды. Себебі, педагог кадрларды аттестаттау – педагог мамандардың дайындық сапасының негізгі көрсеткіші болып саналады.

**Зерттеу мақсаты:** Педагог кадрларды педагогикалық аттестаттаудан өткізуді салыстырмалы талдауды жүргізу арқылы шет елдік аттестаттау жүйесінің оң тәжірибесін трансформациялау.

**Зерттеу әдістері:** Теориялық талдау (салыстырмалы), әлеуметтанушылық зерттеу (сауалнама). Салыстырмалы талдау әдісі болашақ зерттеулер мен зерттеушілер үшін пәннің жалпы принциптерін белгілеу үшін жүйелеуге арналған нұсқаулықтарды ұсынады. Біздің мақаламызда жүргізілген салыстырмалы талдау барысында біз Берездэй ұсынатын үлгіге сүйене отырып жасадық. Берездэй үлгісіне сәйкес салыстырмалы талдау барысында педагогикалық кадрларды даярлауды сипаттайтын бастапқы, қайталама және көмекші дереккөздер бөлінеді (Берездэй, 1964) [4]. Біз өз салыстырмалы талдауымызда негізгі дереккөздер – министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдар дайындаған ресми есептер, заң шығарушы органдар мен ғылыми конференциялардағы талқылаулардың жазбалары, жеке азаматтардың пікірлерін білдіретін парақшалар мен кітаптар және басқа да осындай материалдарды талдауға бағытталдық.

### Теориялық негіздеме

Педагогтерді аттестаттау білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу шарттары мен қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) негізделеді (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 152 бұйрығына қосымша, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген) [5].

Педагог кадрларды аттестаттау үдерісі арқылы жалпы педагогтер мен педагогтерге теңестірілген тұлғалардың біліктілік деңгейін арттырумен бірге жалпыұлттық сауаттылық пен білім сапасын көтеруге септігін тигізеді. ҚР Білім және ғылым министрілігінің бұйрығымен бекітілген қағидалармен заңнамаларға сәйкес педагогтерді аттестаттау мерзімі бекітіледі. Бекітілген уақыт пен ережелерге сәйкес аттестаттаудың нәтижелері бойынша педагогтер түрлі санаттарға бөлініп, дәрежелер беріледі.

2021 жылғы Педагогтерді аттестаттау қағидаларының екінші параграфы, екінші тарауының

аясында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің арнайы оқу бағдарламаларын, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін аттестатталатын мамандар кезекті және мерзімінен бұрын аттестатталатын болып бөлінеді.

Біліктілік санатын беру (растай) үшін үміткерлерді кезекті аттестаттау екі кезеңде жүзеге асады: бірінші кезең – ұлттық біліктілік тестілеу; екінші кезең – жұмыс нәтижелерінің кешенді аналитикалық қорытындысы.

Педагог мамандарды аттестаттаудың ережелері бекітілген. Оларға қойылатын біліктілік талаптары бар. «Педагог» біліктілік санаты үшін: жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар, жұмыс өтіліне ешқандай талап қойылмай, төмендегі кәсіби біліктіліктерге негізделген:

- Оқу пәнінің;
- Оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны;
- Оқыту мен бағалау әдістемесін білуі шарт.

Демек, педагог білім алушыларының психологиялық жасының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мен тәрбие үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру арқылы, білім алушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыра, оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім беру ұйымының деңгейінде өтетін іс-шараларға қатысады, білім алушылардың сұраныстарын ескеріп, сонымен бірге тәрбие мен оқытудың жеке тәсілдерін жүзеге асырады, педагогикалық-кәсіби диалог дағдыларын меңгеріп, цифрлық-технологиялық білім беру ресурстарын қолданады.

«Педагог-модератор» біліктілік санатына қажет: мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар, педагогикалық жұмыс істеу өтілі кем дегенде екі жыл, келесі педагогикалық кәсіптік біліктіліктерге сай: «педагог» біліктілік деңгейінің жалпы талаптарына сай келетін, сонымен бірге оқытудың жаңа нысандарын, әдістері мен құралдарын қолдану, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибесін жалпылау, білім беру ұйымы деңгейіндегі олимпиадаларға, конкурстарға, сайыстарға қатысқан оқушылары бар болуы шарт (Педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618> Әділет. Заңнама және құқықтық ақпарат институты, 2020).

«Педагог-саратшы» біліктілік деңгейі үшін: жоғары педагогикалық немесе кәсіптік мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3

жыл, келесі кәсіптік біліктіліктерге сай: «педагог-модератор» біліктілік санатының жалпы талаптарына сай, сонымен бірге ұйымдасқан оқу қызметінің талдау дағдыларын жоғарғы деңгейде меңгерген тәлімгерлікті жүзеге асырады, кәсіптік даму басымдықтарын құрылымдық тұрғыдан айқындайды. Білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің, аудан/қала деңгейінде тәжірибесін жалпылайды, аудан/қала деңгейіндегі олимпиадаларға, конкурстарға, сайыстарға қатысқан оқушылары бар болуы керек.

«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін: жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар, педагогикалық өтілі аз болғанда 4 жыл, келесі кәсіптік біліктіліктерге сай: «педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сай, сонымен бірге сабақты бағалау және зерттеу құралдарын даярлау дағдыларын меңгерген, білім алушылардың шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамытуды басқарып, қамтамасыз етеді, тәлімгерлікті жүзеге асырады, сонымен бірге аудан, қала деңгейіндегі педагогикалық қоғамдастықта даму стратегияларын құрылымдық тұрғыдан айқындайды, облыс/Астана, Алматы қалалары деңгейіндегі олимпиадаларға, конкурстарға, сайыстарға қатысқан оқушылары бар болуы керек.

«Педагог-мастер» біліктілік санаты үшін: жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар, педагогикалық өтілі аз дегенде 5 жыл, келесі кәсіптік біліктіліктерге сай: «педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сай, сонымен бірге авторлық бағдарламасы бар немесе шығарылған оқулықтардың, Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған оқу-әдістемелік құралдардың авторы (авторласы) болуы, ғылыми жобалаулық дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуді, тәлімгерлікті жүзеге асыруы және облыс деңгейінде кәсіптік қоғамдастық желіні дамытуды ұйымдастырып, жоспарлайды, республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстар мен олимпиадаларға қатысқан немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысушыларды дайындаған болуы шарт.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиенің, бастауыш, орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын, кәсіптік, сонымен бірге техникалық, орта білімнен кейінгі, мамандандырылған арнайы білім беру бағдар-

ламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында белгілі бір деңгейдегі лауазымдарды атқаратын педагог кадрларды, ғылым және білім саласындағы басқа қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139 бабының 7 тармағына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібі айқындалған. Айқындалған қағидаларда төмендегідей ұғымдар айтылады:

- апелляция – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы ұсынылатын ұлттық біліктілік тестілеуінің нәтижелерін қайта қарауға педагогтің сұрау салуы;

- аттестаттау комиссиясы – педагог қызметкерлерді аттестаттауды (рәсімін) жүргізу құқығына ие уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі – комиссия);

- біліктілік санаты – осы Қағидаларда және Педагог кадрларға біліктілік деңгейлерін беру (растау) қағидаларында нақтыланатын біліктілік шарттарына сәйкес келетін кәсіптік құзыреттілік деңгейі;

- педагог – тиісті бейін негізінде педагогикалық және (немесе) өзге де кәсіптік білімі бар, педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу, білім беру қызметін ұйымдастыру және жоспарлау жөніндегі кәсіптік қызметін жүзеге асыратын, «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес көрсетілетін лауазымдарды атқаратын тұлға;

- Ұлттық біліктілік тестілеу – жалпы білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тесттер бойынша педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау үшін өткізілетін рәсім.

Жалпы педагогтер үшін: біліктілік санатын беру рәсімі, ұлттық біліктілік тестілеу. Білім беру ұйымдарының басшыларының орынбасарлары үшін: біліктілік сапасын бағалау, қызметтің қорытындыларын кешенді, талдамалық жинақтау, білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

Педагогтерді аттестаттау кемінде бес жылда бір рет, білім беру ұйымдарының басшыларын – «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет өткізіледі. Ұлттық біліктілік тестілеуі, яғни педагогтердің аттестациясы педагог өтінішінде көрсетілген мерзімде өткізіледі. Ал қазіргі пандемиялық жағдайға байланысты, әрі жаңа заңға сәйкес мерзімді министрлік бекітті. Сонымен қатар педагогикалық мамандықтарды бітірген жас мамандар диплом алуынан бұрынғы мерзімде аттестациялаудан өтті. Бұл жас мамандардың жалпы білім деңгейін анықтауда үлкен маңызға ие болғаны белгілі.

Ұлттық біліктілік тестілеуі келесі тест тапсырмаларынан тұрады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін: «Мектепке дейінгі педагогика және психология» – 30 тапсырма; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. Жалпы орта білім беру педагогтері үшін: «Педагогика, оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. «Оқу пәнінің мазмұны» – 70 тапсырма. Арнайы пәндер бойынша: «Педагогика, оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. «Қызмет бағыты бойынша» – 70 тапсырма. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін: «Психология негіздері» – 30 тапсырма. «Педагогика, оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін: «Заңнаманы білу» бағыты бойынша – 80 сұрақ. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 20 сұрақ. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі – 20 сұрақ. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 20 сұрақ. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 10 сұрақ. «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы – 10 сұрақ. «Басқару құзыреті» бағыты бойынша – 20 сұрақ. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныштылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті болып табылады. Ұлттық біліктілік тестілеудің жалпы уақыты 210 минутты, «Математика», «Химия», «Физика», «Информатика» пәндері үшін 240 минутты құрайды. Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижесі бір жылға жарамды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің әр жылдарда қабылданған, бекітілген шешімдері

бойынша еліміздегі педагогтерді және оларға теңестірілген қызметкерлерді біліктілік тестінен өткізу арқылы тек педагогтердің ғана емес, жалпы халықтың сауаттылық, білімділік деңгейін анықтауға болады. Себебі, педагогтермен оларға теңестірілген қызметкерлер кез келген мемлекеттік білім санаты жоғары тобына жатады. Ал олардың үш жылда бір рет біліктілік тестілеуінен өтіп тұратындығы олардың білімінің жаңарып тұруына септігін тигізеді. Педагог мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылып жатқан түрлі іс-шаралармен олардың мәртебесін көтеру арқылы халықтың мұғалім мамандығына деген құрметін арттыру ойы жатқандығы аян. Кез келген мемлекеттің ертеңін тәрбиелеп, оларды білім нәрімен сусындататын педагогтердің құрметке ие болуы керек екенін дамыған елдер әлдеқашан түсініп, осыған сәйкес әрекет жасап келеді. Біздің елдегі бүгінгі өзгерістер, педагогтерге қойылатын талаптар мен оларды марапаттау, мотивациялау болашағымызға құйған инвестициямыз деп айтуға негіз бар. Бірақ педагогтердің мәртебесін көтеру мақсатында олардың жалақысын арттырып қана қоймай, біліктіліктерін де арттырумен айналысуды ұмытпайтын Білім және ғылым министрлігіміздің бүгінгі таңдаған жүйесі өзгелерден абзал. Бұл өз кезегінде білім жүйесінің қарқынды дамуына алып келеді. Себебі, «егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол алдымен оны барлық жағынан тануы керек» (Ушинский, 2004) [6].

Түрлі елдердің тәжірибелері саяси құралдардың мұғалімдік мамандықтың беделіне айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Педагогикалық мамандықтың мәртебесі белгілі бір мәдениеттің тұрақты сипаттамасы емес, ал кейбір елдерде ол уақыт өте келе айтарлықтай өзгерді. Сингапур және Финляндия елдерінің тәжірибелері көрсеткендей, педагог мамандығын басқа мамандықтарға қарағанда абыройлы етуге тырысатын күш-жігер жалпы білім беру жүйесінің оң нәтиже беруіне ықпал етуі мүмкін. Қазіргі жаһандану заманында білімнің қоғамдағы барлық салалардағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық жоспарлы ресурс ретіндегі рөлі жүйелі, іргелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын көтеруді қамтамасыз етудің түйінді сәті болып отыр, оған жалпы әр азаматтың және тұтас қоғамның болашақтағы өмірлік табыстылығы байланысты (Жиркова, 2011) [7].

Финляндиядағы, Сингапурдағы мектеп білімдерін бағалауды ұйымдастырудың негізгі және ерекше факторлары – ішкі және сыртқы, олардың қатар үйлесімділігіндегі бағалауы болып табылады (Әдістемелік құрал, 2015) [8]. Сонымен қатар бұл елдердің тәжірибесіндегі педагогтерді және оларға теңестірілген қызметкерлерді біліктілік тестінен өткізу тек мектеп білімінің жоғарылауымен ғана емес жалпы елдегі білім сауаттылығын арттырудың негізі болатынын дәлелдейді.

Финляндияда аттестаттау және қайта аттестаттау, біліктілікті растау, кәсіби конкурстарға қатысу ұғымы жоқ; педагог үшін қызықты бағыт бойынша біліктілікті арттыру курстарында (әдетте университеттерде) жыл сайын 3-5 күндік оқудан өту жеткілікті (Shirshova, 2014) [9].

Алайда, бұл мемлекетте педагогикалық мамандығын алғысы келетін үміткерлерге қойылатын талаптар жоғары. Оқуға түсуге қойылатын арнайы талаптар билікке ең қолайлы және ынталы мұғалімге үміткерлерді таңдауға мүмкіндік береді. Педагогтерді дайындайтын әрбір мекеме қабылдау ережелері мен түсу емтихандарының мазмұнын дербес реттейді: кейбір жоғары оқу орындарында бұл пәндік білім мен дағдыларды тексеру үшін тесттер, басқа жағдайларда тәжірибеге немесе жеке қасиеттер мен педагогикалық құзыреттіліктердің көріністеріне қойылатын талаптар бар. Әрбір білім беру ұйымы өзінің оқу жоспары мен жұмыс бағдарламасын жасайды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта мұғалімнің біліктілігін арттыру бағдарламасына зерттеу компонентін енгізу заманауи және өзекті болып отыр. Дәл осы зерттеушілік құзыреттер фин мұғаліміне кәсіби қызметті жоғары әдістемелік және психологиялық-педагогикалық деңгейде жүргізуге, педагогикалық жағдайына байланысты әдістерді, дидактикалық материалдарды саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді (Чернова, 2015) [10]. Финляндияда негізгі талап магистр дәрежесі болуы керек. Университеттерде ғылыми дәреже алу, демек, педагогикалық білімді оңай қолжетімді мамандық ретінде қабылдағысы келмеуі мұғалімдердің білікті кандидаттары таңдаған жұмыс басталғанға дейін мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына әкеледі.

Сингапур мемлекетінде барлық оқытушылар жоғары білім алуға міндетті. Сингапурда мұғалімдерді даярлаудың бірыңғай институты – Наньян технологиялық университетінің бөлігі болып табылатын Ұлттық білім беру институты

(NIE) жұмыс істейді. Институт мектепке дейінгі, бастауыш немесе орта мектепте жұмыс істегісі келетін мұғалімдерге, үміткерлерге арналған әртүрлі бағдарламаларды ұсынады. Сингапурда бастауыш және орта мектеп мұғалімдеріне үміткерлерді бағалау үшін әртүрлі критерийлер мен емтихандар қолданылады. NCEE орта мектеп бағдарламасына қатысу үшін үміткерлерге педагогика ғылымдарынан басқа түрлі салаларда бакалавр дәрежесі қажет екенін және халықаралық деңгейде алынған дәрежелер осы мақсат үшін танылатынын атап өтті (NCEE, 2015) [11]. Университет түлектері білім беру саласындағы аспирантураға түсу үшін біліктілік емтиханын тапсыра алады. Бұл бағдарлама мұғалімдерді екі негізгі бағытта оқытуға бағытталған және әлеуметтану, сыныпты басқару, практикалық оқыту, педагогикалық психология және оқу жобасы бойынша курстарды қамтиды. Бұл кіріспе талаптар елдің білім беру жүйесінің өзгеріп отырған қажеттіліктеріне сәйкес жаңартылуда (Сингапурдың білім министрлігі (Ministry of Education Singapore, 2014) [12].

Сингапурда да мансаптық қадамдар жүйесі бар деп мәлімдеді. Мансаптың үш түрлі жолы бар: оқытушылық мансап, көшбасшылық мансап және маман мансабы. Әр мансапта 13 деңгей бар және мұғалімдер әр жоғарылаған сайын жалақы қосып алады. Мұғалімдердің алға жылжуы мұғалімдердің кәсіби тәжірибесіне, көшбасшылықты басқаруға және жеке біліктілікке бағытталған білім беру тиімділігін басқару жүйесімен бағаланады.

Сонымен қатар педагогтерді аттестациялаудағы тәжірибе де Финляндия мен Сингапур елдерінің білім жүйесіне негізделген. Олардағы педагогтердің біліктілігіне байланысты педагогтық санаттарға бөлу тәжірибесі біздің елде 2007 жылдан бастап, сынақтан өтіп келеді. Мұғалім өз біліктілігін Ұлттық тестілеуде қорғап шыққан соң, оның санатына байланысты жалақысының екі есеге дейін өсіп отыруы педагогтың мәртебесімен қатар, білім жүйесінің көтерілуіне септігін тигізеді.

### **Зерттеу нәтижелері мен талдаулар. Талқылау**

Біз тақырыбымыздың төңірегінде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы сауалнама жүргізген болатынбыз. Бұл сауалнамаға әр түрлі жастағы педагог және педагогтерге теңестірілген 68 қызметкер қатысты. Аталған 68 қызметкердің ішінде 23,5%-ы 51-60 жастағы


кісілер болса, 38,4%-ы 43-50 жастағы, 23,5%-ы 36-42 жастағы, 10,3%-ы 21-28 жастағы азаматтар мен азаматшалар. Көрсетілген жастағы мұғалімдердің инфографикасы төмендегідей:

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан педагогтер мен педагогтерге теңестірілген қызметкерлердің 89,7%-ы әйелдер болса, қалған 10,3 %-ы ерлер екені де белгілі болды.


89,7% әйел мұғалімдер мен 10,3% ер мұғалімдердің педагогика саласындағы еңбек өтілін төмендегі графикамен көрсетуге тырыстық.

Байқағанымыздай, сауалнамаға ең көп 15 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдердің қатысқанын көре аламыз.


«Сіз аттестаттаудан соңғы рет қашан өттіңіз?» деген сауалнамалық сұрағымыздың нәтижесі бойынша сауалнамаға қатысушылардың 26,5%-ы осы жылы өткендігі, 8,8%-ы 2020 жылы, 10,3%-ы 2019 жылы, 17,6%-ы 2018 жылдары тапсырғандары анықталды. Ал осы бір статистиканы төмендегідей инфографикамен ұсына аламыз.



1-сурет – Респонденттер жасы (Диаграмма түрінде)



2-сурет – Респонденттер жынысы (Диаграмма түрінде)



3-сурет – Респонденттер қызмет өтілі (Диаграмма түрінде)





4-сурет – Аттестаттаудан соңғы рет өткен мерзімі (Диаграмма түрінде)

«Аттестаттау барысында қиындықтар болды ма?» деген сауалымызға сауалнамаға қатысушылардың 61,8%-ы «Иә, қиындықтар болды» деп жауап берсе, қалған 38,2%-ы «Жоқ, болмады» деп өз пікірлерін білдірді.

«Ұлттық біліктілікті анықтау» тестінде қиындықтарға тап келген педагогтер өздерінің тестілеу кезіндегі психологиялық күйін «Қобалжу болды», «Базаға тіркелудегі техникалық ақаулар кедергі келтірді» немесе «нақты бір қиындықтарды атап көрсете алмаймын» дейтін сарындағы жауаптары болды.

Аттестаттаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін, яғни ерекшеліктерін тестілеуден өтуші педагогтер түрлі көзқарастарымен бағалады. Тест құрамындағы кейбір сұрақтардың жауаптарымен сәйкес келмейтіндігі немесе сұрақтар шкаласы жалпы білім жүйесімен байланысты емес екенін аңғарғандарын біз жүргізген сауалнамадағы сұрақтарға жауап беру арқылы көрсете білді.

Сауалнама кезінде аттестаттаудан өткен лауазымды қызметтегі педагогтердің жартысына жуығы портфолио жинақтауды қағазбастылық деп атады. Ал жартысына жуығы, яғни дәлірек айтсақ, 45,6% педагог аттестаттаудың жалпы құрылымына қанағаттанатындықтарын айтты.

«Білім туралы» Заңның 59-бабына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау және Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын бақылау мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері болып табылады.

Жалпы, әлемнің білім беру жүйесіндегі озық үлгілер ретінде Финляндия мен Сингапур елдерін мысал ретінде қарастырдық. Ал олар-

дағы аттестаттау мәселесінің жоғары деңгейде ұйымдастырылатыны көп жылдық тәжірибенің нәтижесінде деп ойлаймыз. Себебі, біздің білім беру жүйеміздегі біліктілікті арттыру мәселесінің қозғалғанына әлі көп бола қойған жоқ. 2020 жылғы Білім және ғылым министрі А. Аймағанбетов педагогтерді аттестаттау туралы төмендегідей мәлімдеме жасады:

Интернет материалдарына сүйенсек «Қазақстанда 113 мың мұғалім біліктілік аттестаттаудан өтуге дайындалып жатыр, бұл олардың жалақысына 100% үстемеалуға мүмкіндік береді» (<https://ru.sputnik.kz/society/20200519/14011364/Minobrazovaniya-ozvuchili-novye-pravila-letney-attestatsii-pedagogov-Kazakhstan.html>) [13]. Демек, педагогтерді аттестаттау арқылы тек білім сапасын ғана емес, педагогтердің әлеуметтік жағдайын да көтеру көзделген. Бұл Сингапурдың тәжірибесінен белгілі. Алғашқы кезеңдерде Сингапурда да аттестаттау ісі көп кедергіге ұшырағанын да біз анықтадық. «Сингапур білім беру жүйесіндегі аттестаттау ісі ұзақ әрі күрделі жолдан өтті» (Чернова, 2015: 23) [10].

Білім беру жүйесінің Финдік немесе Сингапурлық моделімен толық танысу үшін ол елдің жалпы әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін ескерген абзал. Себебі, әр ұлттың өзіндік педагогикалық жолы бар. Яғни, дидактика саласы елдердің әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін толық қамтиды. «Соңғы заманда пән, ғылым өсіп адамзат өнерленген сайын, педагог есімі қадірлі, қасиетті болып барады» (Мандель, 2014) [14].

Бүгінгі таңда жоғарыдағы айтып өткеніміздей оқыту үлгілерінің ең үздігі де осы елде тәжірибеден өткен. Біздің елдегі бүгінгі педагогтерді аттестаттаудан Сингапурдағы



педагогтерді аттестаттаудағы басты айырмашылықтарды атап өтсек:

- Қазақстан мен Сингапурда аттестаттау уақыты ерекшелігі, портфолио тексеру немесе мұғалімнің жалпы деңгейін (модератор, зерттеуші, шебер) анықтайтын тесттілеуге тек министрліктің шешімімен емес мектеп басшысының ұсынысымен де жібереді. Ал бұл кейде мектеп басшыларының жеке мүддесі үшін қызмет атқарады. Сондықтан дәл Сингапурдағыдай тек министрліктің шешімімен ғана педагог деңгейді анықтау тестіне жіберілуі керек деп ойлаймыз. Ал «Зерттеуші» деңгейін алуға ұмтылған педагогтың ғылыми жобаларының деңгейін Сингапурдың білім жүйесімен теңестіру керек. Яғни, «Зерттеуші» деңгейін алатын педагогқа қойылатын талаптардың шкаласын көтеру керек.

- «Шебер» деңгейін алатын педагогтерге қойылатын талаптар Сингапурлық білім жүйесімен сәйкестендірсе, «шебер» деңгейін алатын педагогтер Қазақстанда көбіне орта жастан асқан, іс өтілі көп педагогтер ғана алып жатады. Ал Сингапурда «Шебер» деңгейін жас мамандар да алуға мүмкіндігі бар. Бізде де жас мамандарға осындай мүмкіндіктер берілуі керек деп ойлаймыз.

- Тест күрделілігі: Қазақстанда логикалық және ситуациялық сұрақтардың болмауы немесе аз екені, Сингапурда логикалық және ситуациялық сұрақтардың тесттің 10%-ын құрайды. Еліміздегі педагогтердің ұлттық біліктілікті анықтаудағы тесттерде ситуациялық немесе логикалық сұрақтардың аз екені және ол сұрақтар болғанда қисынға келмейтін сұрақтар болатындығы жайлы айтылады (тест тапсырған педагогтер).

- Педагог портфолиосына қойылатын талаптар: Қазақстанда қызметтік педагогтердің портфолиосы қатаң тексеріледі, Сингапурда әр педагогтың немесе педагогқа теңестірілген кез келген педагог портфолиосының болуы және тексерілуі түрлі дәрежеде. Яғни, біздің елде педагогтың өз міндеттемесінен де өзге портфолиоға қосылатын құжаттар көп. Ал Сингапурда педагог портфолиосы нақты құжаттармен ғана шектеледі.

Финляндиялық педагогтерді дайындау жүйесімен қазақстандық аттестаттаудағы айырмашылықтар:

- Педагог квалификациясына қойылатын талаптар: Қазақстанда басымдық орта, жоғары мектеп пен ЖОО-да болса, Финляндияда педагогтың жоғары санатты болуы бастауыш сынып мұғалімдеріне беріледі.

- Фин мұғалімдері мен білімінің «ерекшелігі» болып табылатын нәрсенің тамыры – «академиялық» мансап, білім берудің біртұтастығы мен икемділігі, зерттеуге және ынтымақтастықтың сипатына қатты көңіл бөлу деп білеміз. Сонымен қатар, Финляндия Білім Министрлігінің қолдауымен педагогикалық білім беруге жауапты барлық университеттер ұлттық желіні құруға және педагогикалық білім беру үшін жана оқу бағдарламаларын бірлесіп дайындауында.

- Осылайша, Финляндия мен Қазақстан педагогтерін даярлау жүйесін салыстыратын болсақ, келесіні байқауға болады. Ең үлкен айырмашылық – мұғалімдерге қойылатын академиялық талаптары. Біздің мұғалімдердің көпшілігінің «жаңа зерттеулерге» қол жетімсіздігі. Сонымен, фин мұғалімдері бағалау мен бақылаудың әртүрлі жүйелерін жасай және енгізе алатын оқу бағдарламаларын өз бетінше жасай алатын үлкен айырмашылықтарды елемеуге болмайды.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, сауалнамамыздан өткен педагогтер мен оларға теңестірілген қызметкерлердің жауаптарына сүйене отырып, алдағы уақытта аттестаттаудың жақсы нәтиже беретіндігіне көз жеткіздік. Сауалнамаға қатысқан педагогтердің жартысына жуығы аттестаттаудың деңгейіне қанағаттанғандығын аңғарды. Жалпы, Финляндия мен Сингапур елдерінің тәжірибесін ескере отырып, алдағы уақытта тіпті техникалық ақаулардың да болмайтындығын, аттестаттау кезінде әділдік пен адалдыққа қызмет жасалыну керектігін ерекше атап өтпекпіз. Кез келген саланың негізгі тірегі әділдік пен еңбекқорлық, адалдық, білімділік және төзімділік. Әлем елдерінің тәжірибесінен алатын үлгіміз де осы негізгі тіректерімізбен байланысты болмақ. «Педагогика адамды қоғам өміріне енгізудің арнайы, әлеуметтік және жеке анықталған қызметін зерттейтін ғылым ретінде адамның әлеуметтік тәжірибені игеруіне және өзіндік дамуына бағытталған іс-әрекет» (Ата-турк, 2015: 101) [16].

Тәрбие мен білім тағы бір маңызды нәрсені орындауы керек функция: ұлтты біріктіру, азаматтық туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру және негізгі құндылықтар бойынша консенсусқа жету функциясы (Гарр, 2005: 180) [16]. Осындай күрделі де қиын жолда педагогтердің ең үздік болуы керек екені даусыз. Сондықтан оларды атте-

статтау арқылы біз болашаққа ең үздік ұстаздарды ұсынатын боламыз.

Жалпы, Финляндия, Сингапур білім жүйесіндегі педагогтерді аттестаттауда біршама айырмашылықтарды нақтыладық. Сингапур мен Финляндияда мұғалімдері магистр және доктор дәрежесін алу арқылы білімін жалғастырады. Яғни, осы мемлекеттердің мұғалімдері өндірістен қол үзбей даярланады. Осы мақсатта Министрлік пен муниципалитеттер қызмет көрсету саласында әртүрлі баламалар ұсынады, соның ішінде тәлімгерлік жүйелер, біліктілікті арттыру курстары, мансаптық өсу жүйелері және үздіксіз жоғары білім. Осы баламалардан басқа, олар мұғалімдерді қосымша жалақы немесе жоғары білім алу кезіндегі жалақы арқылы ынталандырады. Мұндай нұсқалардың табиғи нәтижесі ретінде жаңартылған мұғалімдер қазіргі студенттерге оқытудың инновациялық

әдістерін көрсете алады. Өз энергиясын жоғары білікті мамандарды тартуға жұмсай отырып және оларға жақсы дайындық пен тұрақты қолдау көрсете отырып, Сингапур және Финляндия көптеген жүйелерді таң қалдыратын жаппай саркылу және үнемі тиімсіз мұғалімдер мен басшылар проблемаларына тап болмайды.

Осы айырмашылықтар негізінде Сингапур мен Финляндиядан Қазақстанға төмендегідей аттестаттаудағы ерекшеліктерді енгізуге болады деп ойлаймыз:

- Ұлттық біліктілікті тексеру бойынша тест сұрақтарының мамандық төңірегінде көп пайызының болуы;
- Педагог портфолиосына қойылатын талаптарды жалпы педагогтерге бір деңгейде қою;
- Төменгі сыныптармен, төменгі курс педагогтеріне қойылатын талаптарды басқалардан жоғарылату.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 жыл // <http://www.akorda.kz/ru>. (09.10.2021).
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» мақаласы. 12 сәуір, 2017 жыл. <http://www.akorda.kz/ru>. (10.08.2021).
- 3 Аттестация педагогических и руководящих работников образовательных учреждений: Сборник нормативно-правовых и инструктивно-методических материалов [Электронный ресурс] / Учебно-методический центр. Режим доступа: [https://umcchehov.edumsko.ru/uploads/1000/898/section/258276/docs/attestaciya/materialyattestaciya/1\\_sbornik\\_normativno-pravovyh\\_i\\_instruktivno-metodicheskikh\\_materialov.pdf](https://umcchehov.edumsko.ru/uploads/1000/898/section/258276/docs/attestaciya/materialyattestaciya/1_sbornik_normativno-pravovyh_i_instruktivno-metodicheskikh_materialov.pdf) (дата обращения : 21.05.2021)
- 4 Bereday G.F. Comparative method in education. New York: Holt, Rinehart and Winston Inc. 1964
- 5 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары Әділет. Заңнама және құқықтық ақпарат институты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317> (10.10.2021)
- 6 Ушинский К. Человек как предмет воспитания: Опыт педагогической антропологии. // Гранд-Фаир, 2004 г. <https://www.labirint.ru/books/55175/>
- 7 Жиркова З.С. Диагностика мотивационной образовательной среды сельской школы // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2011. – 150-170.
- 8 Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 11 б.
- 9 Shirshova I.A. The training of the modern teachers: the experience of Finland in the field of teacher education / I.A. Shirshova // Scientific Notes of Taurida National V. I. Vernadsky University. – Series: Issues of Secondary and Higher School Education. – 2014. – Vol. 27(66), No. 4. – P. 26-35.
- 10 Чернова О.Н. Педагогическая деятельность в контексте международной системы оценки качества образования // Человек и культура. – 2015. – № 2. – С. 1-20.
- 11 National Centre for Entrepreneurship in Education, 2015b. Singapore: teacher and principal quality. Available from: <http://www.ncee.org/programs-affiliates/center-on-international-educationbenchmarking/top-performingcountries/singapore-overview/> [Accessed 15 Nov 2021].
- 12 Ministry of Education Singapore, 2014. Speeches. Available from: <http://www.moe.gov.sg/media/speeches/2014/05/26/opening-address-by-mr-heng-swee-keat-at-the-2014-international-association-foreducational-assessment-conference.php> [Accessed 25 Nov 2021].
- 13 Минобразования озвучило новые правила летней аттестации педагогов Казахстана (19.05.2021) <https://ru.sputnik.kz/society/20200519/14011364/Minobrazovaniya-ozvuchilo-novye-pravila-letney-attestatsii-pedagogov-Kazakhstana-.html> (15.08.2021).
- 14 Мандель Б.Р. Педагогика: учебное пособие. – 1-е. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2014. – 101 с.

- 15 Атагурк М.К. Нутук. – А.: Кайнак. 2015. – 243 б.  
16 Гарр Т.Р. Почему люди бунтуют. – СПб.: Питер, 2005. – 469 с.  
17 Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары  
[https://kaznpu.kz/docs/urist/10\\_kaz.pdf](https://kaznpu.kz/docs/urist/10_kaz.pdf) (31.09. 2021).

### References

- Ataturk M. K. Nutuk. A. (2015) Kitap Zamani [Book age]. Kajnak. 243 b. (In Turkish)  
Attestaciya pedagogicheskix i rukovodyashhix rabotnikov obrazovatel'nyx uchrezhdenij (2019) [Certification of teachers and managers of educational institutions] Sbornik normativno-pravovyx i instruktivno-metodicheskix materialov (In Russian)  
Bereday G.F. (1964) Comparative method in education. New York: Holt, Rinehart and Winston Inc.  
Garr T.R. (2005) Pochemu lyudi buntuyut [Why do people rebel] SPb.: Piter. 469 s. (In Russian)  
Zhirkova Z.S.(2011) Diagnostika motivacionnoj obrazovatel'noj sredy sel'skoj shkoly [Diagnostics of the motivational educational environment of a rural school] Vector of Science TSU. Series: Pedagogy, psychology 150-170. (In Russian)  
Kazakhstan Respublikasynyng Prezidenti N.A.Nazarbayevtyng “ Kazakhstan-2050” strategiyasy qalyptasqan memleketting zhanga sayasi bagyty atty Qazaqstan qalqyna Zholdauy. 14 zheltoqsan 2012 zhyl. [Address of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan “strategy” Kazakhstan-2050” new political course of the established state”] December 14, 2012. (in Kazakh)  
Mandel' B.R. (2014) Pedagogika: uchebnoe posobie [Pedagogy: textbook] 1-E. - M.: FLINT: Science, 2014. - 101 p. (In Russian)  
Mektepke deyingi tarbie men oqytudy,bastauisg,negizgi orta zhane zhalpy orta bilimning zhalpy bilim беретін оқу bagdarlamalaryn,tehnikalыq zhane kasiptik,orta bilimnen keinggi,qosymsha bilimning bilim беру bagdarlmalaryn zhane arnaiy oqu bagdarlamalaryn iske asyratyn bilim беру uimdarynda zhumys isteitin pedagogterdi zhane bilim zhane gylым salasyndagy basqa da azamatyq qyzmetshilerdi attestattdan otkizu qagidalary men sharttary Adilet.Zangname zhane quyqytyq aqparat instituty (10.10.2021) [Rules and conditions for certification of teachers and other civil servants in the field of education and science working in educational organizations that implement pre-school education and training, general educational programs of primary, basic secondary and general secondary education, educational programs of technical and professional, post-secondary, additional education and special educational programs Justice. Institute of legislation and legal information]. (in Kazakh)  
Ministry of Education Singapore, 2014. Speeches. Available from: <http://www.moe.gov.sg/media/speeches/2014/05/26/opening-address-by-mr-heng-swee-keat-at-the-2014-international-association-foreducational-assessment-conference.php> [Accessed 25 Nov 2021].  
National Centre for Entrepreneurship in Education, 2015b. Singapore: teacher and principal quality. Available from:<http://www.ncee.org/programs-affiliates/center-on-international-educationbenchmarking/top-performingcountries/singapore-overview/> [Accessed 15 Nov 2021].  
Oqushylardыng oqu zhetistikterin kriterialdy bagalau zhuiesin engizuding adisnamalyq zhane oqu-adistemelik negizderi.Adistemelik qural.(2015) [Methodological and educational-methodological foundations of the implementation of the system of criterion-based assessment of students ' academic achievements. Methodical manual] Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 2015. – 11 p. (in Kazakh)  
Pedagog qyzmetkerler men olarga tengestirilgen tulgalardыng lauazymdarynyng ulgilik biliktilik sipattamalary[https://kaznpu.kz/docs/urist/10\\_kaz.pdf](https://kaznpu.kz/docs/urist/10_kaz.pdf) (31.09. 2021). [ Standard qualification characteristics of positions of teachers and persons equated to them [https://kaznpu.kz/docs/urist/10\\_eng.pdf](https://kaznpu.kz/docs/urist/10_eng.pdf) (31.09. 2021).]  
Ushinskij K. Chelovek kak predmet vospitaniya: Opyt pedagogicheskoy antropologii (2004) [Man as a subject of education: The Experience of pedagogical anthropology]. (In Russian)  
Chernova O.N. (2015) Pedagogicheskaya deyatel'nost' v kontekste mezhdunarodnoj sistemy ocenki kachestva obrazovaniya [Pedagogical activity in the context of the international system for assessing the quality of education] Man and Culture. - 2015. - No. 2. - p.23. (In Russian)  
Shirshova I.A. The training of the modern teachers: the experience of Finland in the field of teacher education / I.A. Shirshova // Scientific Notes of Taurida National V. I. Vernadsky University. - Series: Issues of Secondary and Higher School Education. - 2014. - Vol. 27(66), No. 4. - P. 26-35.